

ӘОЖ 62.78

**«ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН
БОЛАШАҚҚА СЕҢІМДІЛІКТІ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗДІҢ РӨЛІ**

Молдағалиева Мөлдір Асқарқызы

Moldir_05.94@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс
магистранты, Қазақстан, Нұр-Сұлтан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор С.Е.Тапанова

2017 жылы 12 сәуірде жарияланған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы – қазіргі жаһандану заманында ұлт болып сақталуымыздың негізгі бағытын айқындаған материал. Оның ішінде Қазақстан мемлекетінің дамуы жолында іске асырылуға тиіс бірнеше жобалар көрсетілген. Әрбір жоба мемлекетіміздің ұлттық құндылықтары болып табылатын тіл, жер, халық, мәдениет секілді аса маңызды байлықтарымызды асқақтата түсуге арналған. Солардың ең маңыздысы, әрине, тіл мәселесі. Соның ішінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмысы. Бұл сұрақ осы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы дүниеге келмей тұрып, республика деңгейінде сан мәрте көтерілген. Яғни қазақ жазуының латынға көшірілуі тәуелсіздігімізбен тетелес келе жатқан күрделі мәселе. Мысалы, 2006 жылғы 24 қазанда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сол кездегі ҚР Президенті болған Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарымен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» [1], - деп айтқан болатын. Бұл сөздерден кейін көпшілік бір дүрлігіп, тынышталғандай болады. Алайда 2012 жылы Н.Назарбаев өзінің кезекті жолдауында: «Қазақ әліпбиін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмыстарын осы бастан қолға алуымыз керек. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймайды, оны осы заманғы ақпарат тіліне айналдырады» [2], - деп латын қарпіне көшудің нақты уақытын белгілеп, үлкен қоғамдық пікір қалыптастырады. Алайда бұл пікірлер қарама-қайшылыққа толы болды. Жаңа реформа басталатындығы сезіліп, ұлт болашағы үшін аландаушылық басталды. Сондықтан көпшілік қауым бұл үрдіске қарсылық білдіргендей болды. Тіпті еліміздің бірқатар зиялы қауым өкілдері де бұл бастаманы құптамайтындықтарын ашық хат түрінде жазған. Онда қарсы шығу себептері айқын жазылып, қолдары да қойылды. Алайда тіл саласының мамандары, тарихшылар, саясаттанушылар мен философтар бұл бастаманың болашағына сенді. Осылайша олар латын әліпбиіне көшу мәселесі жайындағы өз баяндамалары мен талдамалық жұмыстарын, зерттеулерін, тұжырымдамалар мен мақалаларын жариялап, түсіндіре бастады. Сөйтіп артынша 2017 жылы 12 сәуірде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы жарық көріп, ондағы бағыт-бағдарлар мен ел дамуына негізделген болашағы зор жобалар таныстырылады. Мұндағы Елбасының мақсаты халықтың санасын жаңғыртып, қоғамға жаңа леп әкелу, ескі кертартпа әрекеттерден арылып, халықтың бойындағы белсенділікті ояту екендігі анықталғаннан кейін, ондағы латын әліпбиіне көшу секілді бастамалардың да мемлекет пен халық үшін заман талабы және болашақ кепілі екендігін қоғамға түсіндіргендей болды. Онымен қоса бұқаралық ақпарат құралдарында да осы үрдістің терең логикасы мен мәні бар екендігін түсіндіру жұмыстары жүре бастады. Яғни БАҚ беттерінде қазақ жазуы үшін жаңа реформа керектігі, осы латын әліпбиіне көшіп, соған орай жаңа оқулықтар шығару жұмыстарының ұлт дамуына тигізер үлесі мол екендігін айқындап, дәлелдейтін, сараптайтын мақалалар жарық көре бастады. Себебі осы латын қарпіне көшірілген қазақ алфавиті біздің халыққа қажет нәрсе ме? Егер ауыссақ, оның салдары не болмақ? Қалай әсер етпек? Бұл істе ұлтымыз ұта ма, әлде ұтыла ма? Оған кеткен қаржы ақтала ма, жоқ па? Ең маңыздысы, қазақтардың интеллектуалды ұлт болып дамуына қандай үлесі тимек деген сұрақтар көкейде тұрды? Мұның жауабын, әрине, халыққа тек бұқаралық ақпарат құралдары бере алады. Бұл сұрақтарға жауап алу үшін БАҚ беттерінде осы мәселе аясында түрлі тележобалар түсіріліп, радиобағдарламалар жасалып, мақалалар жазылып жатыр. Соның арқасында қазір байқап қарасақ және кейбір зерттеулерге сүйенсек, қоғамдағы латын әліпбиіне көсуге байланысты пікірлер мен көзқарастар айтарлықтай өзгерген. Яғни жаңа әліпбиге көшуді, сол арқылы қазақ тілінің сапалық көрсеткіштерін арттырып, оның қолданылу аясын кеңейтуді көксейтіндер көбейіп жатыр. Бұл үрдіске оң көзқарас

қалыптасып келеді. Демек көпшілік мемлекеттік тіліміздің ұлттық негізде жаңғырып, қазіргі жаһандық замандағы озық технологиядан қалмауда осы қадамның дұрыс екенін түйсінді.

Жалпы ұлт болашағын айқындайтын кез келген іс-шара, бастама жайлы халық толық ақпараттанып барып, бірақ түйсінеді, түсінеді. Міне сондықтан ел үшін аса маңызды жобалар БАҚ арқылы халыққа жетіп, таныстырылып, пайдасы мен нәтижесі айтылмақ. Қазіргі таңда теледидар, радио, газет, интернет арқылы біз осы мәселелер жайында өзімізге қажет ақпараттың барлығын алып отырмыз. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласы да республикалық нөмірі бірінші басылым «Егемен Қазақстан» газеті арқылы көпшілікке жарияланып, халық талқысына түсті. Сондағы басты назарға алынған осы латын әліпбиіне көшу мәселесі көптің талқылауына өтіп, түрлі тақырыпта, түрлі жанрда көптеген материалдар жарық көрді. Олардың басты мақсаты мен міндеті – латын әліпбиінің заман талабы екендігін түсіндіру, оның халық үшін, мемлекет үшін терең маңызын айқындау. Сондықтан «Латын әліпбиіне көшу» арнайы жобасының маңызы мен болашаққа сенімділікті нығайту жолындағы баспасөздің рөліне тоқталсақ.

Ең алдымен, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің осы мәселе турасында жарияланған материалдарына назар аударсақ. Жалпы «Егемен Қазақстан» газеті Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласын талқылауға және ол туралы жарияланымдар жасауға өте көп мән берді десек болады. Бағдарлама жарық көргеннен кейін республикалық басылымда осы тақырыпқа арнайы айдар тағылып, мақалалар дені үзілмеді. Солардың біразы осы латын әліпбиіне көшу мәселесіне арналады. Мысалы, осы «Рухани жаңғыру» туралы газет бетінде ең алғаш жарық көрген материалдардың бірі осы бағдарламада көтерілген латын әліпбиіне көшу мәселесіне арналды. Ол 2017 жылғы 12 сәуірде «Елбасы мақаласы жайлы шетелдік басылымдар не дейді?» [3] деген тақырыпта шықты. Мұнда Қазақстан мемлекетінің латын қарпіне көшу ісіне бірқатар шетел басылымдарының назар аударғандығы жазылады. Олардың ішінде ВВС, «Коммерсант», «Известия», «Независимая газета» газеттері мен Lenta.ru, «Интерфакс», «РИА Новости», Report.az интернет басылымдары мен ақпарат агенттіктері аталады. Мұндағы көпшілік мақалалардың тақырыбы «Қазақстан мемлекеті латын әліпбиіне көшпек» деп басталып, Елбасы мақаласынан тұжырымдар келтіріліп, латын қарпіне көшудің отандық тарихы да жазылған. «Егемен Қазақста» газетінің Елбасы мақаласы бойынша ең алдымен осы әліпби мәселесі туралы шетелдік басылымдардың назарын ұсынуы көп нәрсені аңғартады. Яғни қозғалып отырған тақырыптың салмақты әрі маңыздылығын байқауға болады. Бұл – бастаманың дүниежүзілік бағыт және шын мәнінде заман талабы екенін ұғындырады. Сондай-ақ, латын әліпбиіне ауысудың маңыздылығын түсіндіріп, оған дәлелді тұжырымдар келтірілген ауқымды материалдардың дені түрлі саясаткер, қоғам қайраткерлері, жазушы, ақындар мен тілтанушы, филолог, лингвист ғалымдардың авторлығымен шыққан. Солардың ішінде ерекше көңіл аударатын мақалалардың бірі қоғам қайраткері Әділ Ахметовтың «Өркениеттер тарихындағы жазу мен әліпбидің рөлі» [4] деген тақырыптағы материал. Бұл «Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы маусым айының 14 жұлдызында жарық көрген екен. Айдарды толық қамтыған бұл мақалада жазудың, әліпбидің жаһандық білімнің негізгі бастау көзі екендігі түсіндіріліп, оған тарихи негізде дәлелді тұжырымдар келтіріледі. Осылайша жазба тілдері болған байырғы өркениеттердің қай-қайсысы да экономикалық тұрғыдан болсын, саяси-мәдени және өнер-білім тұрғысынан болсын, халықтарының саны мен сапасы жағынан болсын өзгелерден озық болғаны мысалға алынады. Сол секілді жазушы Төлен Әбдіктің «Ұлт болашағы және латын қарпі» деген 2017 жылғы 29 маусымда жарық көрген мақаласын атап өткен жөн. Мұнда кезінде ғасырлар бойы түрік мемлекетінде қолданылып келген араб әрпінің латынға көшірілуі мен кейінгі Кеңес Одағындағы орыс емес халықтардың кириллицаға өту тарихын салыстырмалы түрде сипаттап береді. Жазушының айтуынша, 1928 жылы түрік халқының арабтан латын әліпбиіне ауысу әрекеті өркениет көшіне енуді мақсат етсе, Кеңес тұсындағы бірнеше халықтардың қарпін ауыстыру орыстандыру саясатын жүргізу, сол халықтарды тарихи жадысынан айырып, орыс мәдениеті мен санасын қалыптастыруды көздеді. Осындай ащы шындықты айта келіп, Қазақстан өз

тәуелсіздігін алғаннан кейін Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сынды бауырлас халықтар секілді неліктен латын әліпбиіне бірден көше қоймады деген мәселені қозғалады. Жазушы оған мынадай бірнеше себеп келтіреді: «Біріншіден, қоғам төрінде отырған игі жақсылардың өз ішінде ауызбір шілік болған жоқ. Біреулер – орыстық санадан әлі арыла қоймағандар – мұны үлкен қателік деп есептесе, қайсыбір ұлтжанды азаматтар бұл реформаның қазақтар үшін кері әсері болуы ықтимал, орыс тілді ұрпағымыздан біржола айырылып қалуымыз мүмкін деген қауіп айтты (Әрине, бұған қарап, ұрпақтарымыздың басын біріктіріп отырған кириллица екен деген ой тумаса керек). Екіншіден, ол кезде қазақтардың өз ішіміздегі үлес саны да әлі түбегейлі артықшылыққа жете қоймаған кезі еді. Оның үстіне көрші Ресей мемлекеті біздің кириллицадан кетпеуіміз үшін ақпараттық кеңістік саласында үгіт-на сихат жұмыстарын қатты жүргізді. Қысқасы, әліптің артын бақтық» [5]. Ал қазір латын әліпбиіне көшу мәселесі нақты бекітілген уақытта осы мәселе бойынша бізде біраз жеілдіктер бар дейді. Ол – елдегі қазақ халқы үлесінің артуы және көршілес мемлекеттердің осы істегі тәжірибесі. Байқасақ, осы материалда латын әліпбиіне көшуге қатысты үрейлі сұрақтардың жауабы өте жақсы берілген. Мысалы, қазақ тілді және орыс тілді болып екіге жарылып жүрген халқымыздың екінші бөлігінен айырылып қалмаймыз ба деген сұрақ. Оған былайша жауап берген: «Біріншіден, ұрпақтың дүниетанымдық көзқарас жағынан екіге бөлінуі – орыстандыру саясатының нәтижесі. Кириллица сол саясаттың бір тармағы екенін ұмытпайық. Ал латын әрпіне көшу сол орыстық санадан босанудың бір тармағы деп айта аламыз. Латын әрпі орысша оқитындарға таңсық емес, олар осы әріппен шет тілдерін оқиды. Қазірдің өзінде әлеуметтік желілерде жастардың латын әрпін қазақ тілінде қолданып жүргенін көріп жүрміз. Ал шындығына келсек, халықты тұтастыратын мемлекеттік тіл» [5]. Иә, біріктіруші фактор мемлекеттік тіл болғандықтан, оның мәртебесі жоғары болуы керек. Басқару жүйесі, мемлекеттік органлар сол тілде сөйлеуі тиіс. Ал мемлекеттік қызметкер ол тілді білуі міндетті. Бұл – заңдылық. Бірақ қаншалықты орындалып жүргені көпшілікті алаңдататыны да құпия емес. Сондықтан біздегі секілді түрлі түсініктермен немесе жалпақшешейлікпен емес, нақты заңмен өмір сүретін мемлекет қана өз қауіпсіздігін сақтай алады деген проблеманы да өткір көтере білген. Сонымен қатар латынға ауыссақ, жетпіс жыл бойы жазылған мұрамыз жоғалып кетпей ме деген де сұрақ туындады. Оған жазушы мақаласында былайша жауап жазылған: «Қажет нәрсе міндетті түрде жаңа әріпке көшіріледі. Ал кезінде жалған идеялар мен талай ұрпақтың санасын улаған советтік қоқыс немесе әдебиеттегі халтуралар далада қалып қоюы әбден мүмкін, бірақ ол үшін өкінудің қажеті жоқ. Қайта құтылғанымызға қуану керек» [5]. Осы секілді латын қарпіне көшкен елдер тығырыққа тіреліп, қатты өкініп жүр екен деген үрейлі әңгімеге де өз тұжырымын келтірген: «Өзбекстанда да, Әзербайжанда да елдің бүгінгі өміріне етене араласып жүрген қайраткерлердің ішінен қатты өкініп жүрген ешкімді көре алмадық. Рас, қиындықтардың болғанын ешқайсысы жасырмайды. Реформаның қиындықсыз болмайтыны әлдеқашан дәлелденген ақиқат. Тек ендігі мәселе солардың тәжірибелерін сараптап, мүмкіндігінше қателіктерді қайталамауға тырысу» [5]. Иә, бұл орайда біздің мемлекетімізге қателіктерді қайталамай, сабақ алып, оңтайлы жолдарды іздестіруге жақсы мүмкіндік туып тұрған секілді. Міне, осы ойларын тұжырымдай келе, жазушы латын әрпіне көшу ұлтымыз үшін заман талабы деген қорытындыға келеді. Осы тақырыпта жазылған салмақты әрі ауқымды, терең саяси астары бар мақаланың бірі саясаткер Айдос Сарымның «Ұлттық нартәуекел» [6] деп аталатын материалы. Мұнда да латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты баспасөзде, интернет пен әлеуметтік желілерде айтылған сыни пікірлерге, нақты сұрақтарға, жұрт ішіндегі күдік пен күмәнға нақты жауап беріп, латын қарпіне көшуді қолдайтын қауым атынан нақты пікір айтылады. Саясаткер мақаласына бірнеше тақырыпшалар арнап, соның негізінде тұжырымдарын келтіреді. Ол, ең алдымен, кирилл қарпінен неліктен бас тартамыз деген нақты сұрақ қойып, соған жауап беруге тырысады. Латын қарпіне көшу көршілердің мүддесіне қайшы емес деп бұл мәселе біздің халқымыздың жеке-дара ісі мен таңдауы екендігін түсіндіргісі келеді. Кейін бізге жаңғырудың ауадай қажет екендігін жазады. Осылайша біздегі жалғыз мәселе бұл – әліпби

нұсқасын таңдау дейді. Сол арқылы қазақ тілінің әлеуетін көтеруді мақсат етуіміз керек деген өорытындыға келеді. Осы мазмұндас және тақырыптас мақалалар өте көп шыққан. Бұл осы істегі талабымыз бен алға қойған мақсатымыздың дұрыс екенін ұғындырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 24 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі.
2. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017 жыл.
4. Егемен Қазақстан №112 (29093) 14 маусым, 2017 жыл.
5. Егемен Қазақстан №123 (29104) 29 маусым, 2017 жыл.
6. Егемен Қазақстан №142 (29123) 27 шілде, 2017 жыл.